



090000, Орал қ., Досмухамедов көш., 45
тел.: 8 (7112) 24-41-94
e-mail: uralobl-fu-kz@bko.gov.kz

090000, г. Уральск, ул. Досмухамедова, 45
тел.: 8 (7112) 24-41-94
e-mail: uralobl-fu-kz@bko.gov.kz

2024 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы

Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасында республикалық бюджет және жергілікті бюджеттерге жатқызылатын **облыстық бюджет**, аудандық бюджеті, облыстық маңызы бар қала бюджеті және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеті бекітіледі, атқарылады және дербес болып табылады.

Облыс бюджеті өз араларында өзара өтелетін операциялар ескерілместен, облыстық бюджетті, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджетін біріктіретін орталықтандырылған ақша қоры болып табылады.

2024 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №8-1 шешімі және оған қоса 2024 жылғы 16 ақпандағы №10-1, 2024 жылғы 26 сәуірдегі №11-1, 2024 жылғы 30 мамырдағы №12-1, 2024 жылғы 13 тамыздағы №14-1, 2024 жылғы 24 қазандағы №15-2 шешімдерімен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып қамтамасыз етілді.

Түсімдер

2025 жылдың 1 қаңтарына **облыстық бюджеттің түсімдері 518,6 млрд.теңгені құрады** (2024 жыл басындағы бюджет қаражаттарының бос қалдықтарын қоса есептегенде), соның ішінде кірістер – 453,7 млрд.теңге.

Облыстық бюджеттің базалық кіріс көздері болып республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер (70,8%) және салықтық түсімдер (27,0%) болып табылды.

Есепті қаржы жылы республикалық бюджеттен жалпы сомасы 321,3 млрд.теңге трансферттер алынды, соның ішінде ҚР Бюджет кодексінің 45-бабына сәйкес бюджеттік субвенциялар – 251,4 млрд.теңге. Республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер 69,9 млрд.теңгені құрады, оның ішінде ағымдағы нысаналы трансферттер – 14,6 млрд.теңге, нысаналы даму трансферттері – 55,3 млрд.теңге. Нысаналы трансферттер құрылымында ҚР Үкіметінің резерві есебінен 14,2 млрд. теңге бөлінді.

Салықтық түсімдердің құрылымында барлық салықтық түсімдердің жалпы көлемінен 96,5% табыс және әлеуметтік салықтары (118,3 млрд. теңге) құрады және облыстық бюджеттің өз кірістерінің негізгі көздері болып табылды.

Табыс және әлеуметтік салықтары облыстық бюджет және төмен тұрған бюджеттерінің арасындағы бөлу нормативіне сәйкес есептелді, онда Бөрлі ауданы мен Орал қаласы облыстық бюджеттің «негізгі донорлары» болды.

Есепті қаржы жылы республикалық бюджеттен берілетін қарыздардың түсімі 11,5 млрд. теңге құрады, соның ішінде ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредит беруге (2,5 млрд. теңге), агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беруге (5,0 млрд. теңге), «Дипломмен ауылға» атты жобасы бойынша мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер беруге (3,1 млрд. теңге), кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу (0,9 млрд. теңге). Бұдан басқа, тұрғын үй құрылысын және сатып алуды қаржыландыру мақсатында қаражат тарту үшін жалпы сомасы 17,9 млрд. теңгеге БҚО әкімдігінің мемлекеттік бағалы қағаздарының (облигацияларының) шығаруы қамтамасыз етілді.

Шығыстар

2025 жылдың 1 қаңтарына **облыстық бюджеттің шығыстар бөлігі жоспарға шаққанда 97,9% немесе 513,4 млрд. теңгеге орындалды.**

Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстар жоспарға шаққанда 97,8% (456,5 млрд.теңге) орындалды, ал даму бюджеттік бағдарламалары бойынша – 98,6% (56,9 млрд.теңге).

Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасына сәйкес облыстық бюджеттің орындалуы (*млн. теңгеден*) келесідей түрде қалыптасты.

Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер бойынша шығыстар 5 572,0 млн.теңгені немесе облыстық бюджеттің жалпы шығыс көлемінің 1,1% құрады, **қорғаныс** – 3314,9 млн.теңге (0,6%), **қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке** шығысталғаны 15 283,9 млн.теңге (3,0%).

2025 жылдың 1 қаңтарына бойынша **білім беру** саласындағы шығыстар 214 041,7 млн.теңгені немесе облыстық бюджеттің жұмсалған шығыстарының 41,7% құрады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бойынша, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырысын іске асыруға шығындар 31 545,4 млн. теңге деңгейінде қалыптасты.

Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беруге - 85 930,4 млн. теңге, мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға 31 640,7 млн. теңге бағытталды.

Есепті жылы балалар мен жасөспірімдер үшін қосымша білім беру шығыстары – 14 336,0 млн. теңге, соның ішінде дене шынықтыру бойынша – 6844,5 млн. теңгені құрады.

Жергілікті деңгейде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлауға 13242,3 млн. теңге бағытталды.

Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыруға облыстық бюджеттен 645,2 млн. теңге бағытталды.

Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беруге 2193,7 млн.теңге, мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беруге 3177,8 млн. теңге жұмсалды.

Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізуге 1928,1 млн. теңге қаражат игерілді.

Денсаулық сақтау шығыстары 15 149,2 млн.теңге сомасында немесе облыстық бюджеттің жалпы шығыстарынан 3,0% орындалды.

Есепті жылы халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау шығыстары 1235,1 млн. теңге құрады. Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау 318,4 млн. теңге құрады.

Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары 6301,7 млн. теңгеге орындалды. Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау бойынша 3520,3 млн. теңге жұмсалды.

Есепті жылы әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік қамсыздандыруға 22 938,7 млн. теңге немесе облыстық бюджеттің жүргізген шығыстарының 4,5% бағытталды.

Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелердегі (ұйымдардағы) қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну бойынша шығыстар 2194,2 млн. теңге сомасында орындалды.

Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелердегі (ұйымдардағы) психоневрологиялық ауруларға шалдыққан мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынуға 2298,7 млн.теңге, балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелердегі (ұйымдардағы) психоневрологиялық ауруларға шалдыққан мүгедек балаларға – 895,6 млн.теңге жұмсалды.

Жұмыспен қамту бағдарламасын іске асыруға 5 053,3 млн. теңге жұмсалды, оның ішінде қоғамдық жұмыстар - 2085,6 млн. теңге, жұмыссыздарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау - 81,1 млн. теңге, халықты жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар – 2886,6 млн. теңге.

Аудандық (қалалық) бюджеттеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге, мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға, нәтижелі жұмыспен қамтуды дамытуға және басқа да бағыттарға берілетін нысаналы трансферттер 3871,7 млн. теңгені құрады.

Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау бойынша шығындар 2631,8 млн. теңге деңгейінде қалыптасты.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы шығыстар 2025 жылдың 1 қаңтарына 48 422,1 млн. теңге немесе жалпы облыстық бюджет шығыстарының 9,4% құрады.

Аудандар мен Орал қаласының бюджеттеріне жалпы сомасы 6154,3 млн.теңге (әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, тұрғын үй сертификаттарын беру) нысаналы трансферттер аударылды. Тұрғын үй құрылысы бойынша Орал қаласының және Бөрлі ауданының бюджетердің кредиттеуге 13498,4 млн. теңге бағытталды, төмен тұрған бюджеттеріне тұрғын үй сатып алуға 9957,3 млн. теңге көлемінде кредиттер берілді.

Жастарға алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру 1260,0 млн. теңге құрады.

Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау бойынша 1241,0 млн. теңге жұмсалды.

Көктемгі су тасқынының салдарын жою жөніндегі іс-шараларды іске асыру шеңберінде 14 240,3 млн. теңге (Үкімет және облыс әкімдігінің резерві есебінен) орындалды, оның ішінде аудандардың/қала бюджеттеріне 12 540,0 млн. теңге аударылды.

Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікке 12 448,1 млн. теңге жұмсалып, облыстық бюджет шығыстарының игерілу үлесінің 2,4% құрады.

2024 жылы әртүрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау, республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысу үшін 3392,2 млн. теңге бағытталды.

Театр және музыка өнерін қолдауға шығыстар 1695,5 млн. теңгені құрады, тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз етуге – 1016,9 млн. теңге, облыстық кітапханалардың жұмыс істеуіне - 529,2 млн. теңге.

Жастар саясаты саласындағы іс – шараларды іске асыруға 67,0 млн.теңге, мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамытуға - 49,9 млн. теңге игерілді.

Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалануға функционалдық тобы бойынша бюджет шығыстары 1,1% немесе 5 724,6 млн.теңгеге орындалды.

Жылу-энергетикалық жүйені объектілерін салуға және реконструкциялауға арналған шығындар 5435,7 млн. теңге құрады.

Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау бойынша өткен жылы ішінде қаражаттардың игерілуі 56 293,6 млн. теңге деңгейінде, бұл жергілікті бюджеттің жұмсалған шығыстардың 11,0% құрады.

Ауыл халқының кірістерін арттыру жөніндегі жобаны ауқымды түрде қолдану үшін ауыл халқына микрокредиттер беруге кредит беру шеңберінде, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларға кредит беру 7500,0 млн. теңге бағытталды.

Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялауға 12396,2 млн.теңге, ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға 8424,3 млн. теңге бағытталды.

Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу 9202,7 млн. теңге жұмсалды.

Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін «Дипломмен ауылға» атты жобасы шеңберінде аудан бюджеттеріне 3136,4 млн. теңге сомасында бюджеттік кредиттер берілді.

Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі функционалдық тобы бойынша бюджет шығыстары 6,1% немесе 31 367,7 млн.теңгеге орындалды.

Аудандық (қалалық) бюджеттеріне «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және (немесе) жайластыруға, ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға, «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және

инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға және басқа да бағыттарға берілетін нысаналы трансферттер 24 238,6 млн. теңгені құрады.

***Көлік және коммуникация шығыстары** 47 144,8 млн.теңге сомасында орындалды немесе жалпы облыстық бюджетте үлесі 9,2% құрады.*

Көлік инфрақұрылымын дамытуға және көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыруға 16 059,4 млн. теңге бағытталды.

Аудандық (қалалық) бюджеттерге көлік инфрақұрылымын орта, күрделі жөндеу жүргізуге және дамытуға берілетін нысаналы трансферттер 27711,1 млн. теңгені құрады.

***Өзге шығыстары** бойынша барлығы 9 894,0 млн.теңгені немесе бюджеттің шығыстарының 1,9% құрады.*

Кәсіпкерлік қызметті қолдау шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау жөніндегі шығыстар 2627,8 млн. теңге, шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру – 369,8 млн. теңге деңгейінде қалыптасты. Сондай-ақ, ҚР Үкіметінің резерві есебінен 3641,8 млн. теңге көлемінде ағымдағы іс-шараларды өткізу іске асырылды.

***Борышқа қызмет көрсету функционалдық тобы** бойынша бюджет шығыстары 1 763,5 млн. теңгеге орындалды.*

***Трансферттер** – 13 868,4 млн. теңге көлемінде орындалды немесе облыстық бюджет шығыстарының 2,7% құрады, соның ішінде 10 аудандық бюджеттеріне әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге үшін субвенциялар (өтеусіз төлемдер) – 11 541,9 млн. теңге аударылды.*

***Қарыздарды өтеу** бойынша барлығы 10 134,7 млн.теңгені немесе бюджеттің шығыстарының 2,0% құрады, оның ішінде республикалық бюджет алдындағы негізгі борышты өтеу – 4335,4 млн. теңге, облыс әкімдігі 2022-2023 жылдары тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ алдындағы борышты өтеу – 5504,5 млн. теңге.*

Б. Айберстиев,
БҚО қаржы басқармасының баспасөз қызметі

2024 жылы облыстық бюджеттің атқарылуы

млн. теңге

Түрі	Атқарылуы
Түсімдер	518 564,0
1. Кірістер	453 668,9
<i>Салық түсімдер, соның ішінде</i>	122 504,3
Табыс салығы	58 626,4
Әлеуметтік салық	59 646,8
<i>Салықтан тыс түсімдер</i>	6 891,7
<i>Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер</i>	32,6
<i>Трансферттердің түсімдері, соның ішінде</i>	324 240,3
Республикалық бюджеттен берілетін трансферттердің түсімдері	321 348,9
2. Бюджеттік кредиттерді өтеу	14 644,6
3. Мемлекеттік қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер	
4. Қарыздардың түсімі	29 418,9
Республикалық бюджеттен берілетін қарыздары	11 515,6
Облыстың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік бағалы қағаздары шығарылымнан түсетін түсімдер	17 903,3
5. Жыл басындағы бюджет қаражаттарының қалдықтары	20 831,6
Шығыстары, функционалдық топ бойынша	513 361,9
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	5 572,0
Қорғаныс	3 314,9
Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік	15 283,9
Білім беру	214 041,7
Денсаулық сақтау	15 149,2
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	22 938,7
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	48 422,1
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	12 448,1
Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	5 724,6
Ауыл, су, орман, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	56 293,6
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	31 367,7
Көлік және коммуникация	47 144,8
Басқалар	9 894,0
Борышқа қызмет көрсету	1 763,5
Трансферттер	13 868,4
Қарыздарды өтеу, оның шінде	10 134,7
республикалық бюджет алдындағы негізгі борышты өтеу	5 504,5
мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздары бойынша	4 335,4